

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BURL1673>

***А. Қ. Трушев, Ә. А. Трушев**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АҚЫН – АМАНЖОЛ ШӘМКЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жерлес – ақын, драматург, прозашы Аманжол Шамкеновтің қаламынан қырыққа жуық кітабы, жүзге жуық өлеңіне көптеген композиторлар ән жазған. Пушкиннің, Лермонтовтың, Назым Хикметтің, Есениннің, Исаковскийдің, Бажанның, Құлиевтың бірқатар өлеңдерін, Г. Тушканың «Жора» романын, Н. Хикметтің «Әпенде», М. Шатровтың «Большевиктер», В. Розовтың «Өмір жолдары» атты пьесасын қазақ тіліне аударған. А. Шамкенов өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері, тілі барынша нақты мысалдар арқылы дәлелденіп отырған. Аманжол Шәмкенов Ертіс өңірінде дүниеге келген және өзінің саналы ғұмырын елі мен жерін жырлауға арнаған. Олай дейтініміз, «Сырларым менің» атты өлеңдер жинағына: «Студент сыры», «Жасыл жайлау», «Лирикалық өлеңдер», «Сағат», «Дала тынысы», «Таңдамалы», «Жайлау таңы», «Тың дәптері», «Ертіс перзенті», «Жайлау күні» т.б. таңдамалы өлеңдері мен поэмалары енген. Ақынның қай жырларының болмасын сыры терең, мазмұны бай. Өлеңдері тұнып тұрған көне сөздермен теңеулер, көркемдігінде шек жоқ. Талай жас талапкерлерге ақын өлеңдері үлгі-өнеге болары сөзсіз. Ақын өлеңдерімен талай буын өсіп шығатынына, тәрбиеленетініне біз кәміл сенеміз. Ақынның «Аналар туралы балладасы», «Әкелер туралы ой», «Ұстазым» өлеңдері бірі – аналардың гимні, бірі – әкелердің гимні, бірі – ұстаздардың гимні деп теңеуге де болар еді.

Кілтті сөздер: поэзия, идея, дерексіз, деректі, альбом, студент, архив, шырақ, ақын т.б.

Кіріспе

Қауызын аршып, өлеңнің дәнін алдым – деген ақын Аманжол Шәмкенов Ертіс өңірінде дүниеге келген. Аманжол Шәмкенов өзінің саналы ғұмырын елі мен жерін жырлауға арнаған. Олай дейтініміз. «Сырларым менің» өлеңдер жинағына «Студент сыры», «Жасыл жайлау», «Лирикалық өлеңдер», «Сағат»,

«Дала танысы», «Таңдамалы», «Жайлау таңы», «Тың дәптері», «Ертіс перзенті», «Жайлау күні» т.б. таңдамалы өлеңдері мен поэмалары енген. Сондықтан да таңдамалыларының өзін: біріншісі – Студенттік шағы, екіншісі – Қазақ елі, үшіншісі – «Ертіс» акынның туған, кіндік қаны тамған жері – деп шартты түрде үшке бөліп қарастырсақ кателеспеген болар едік [1, 682–684]; [2, 625–626]; [3, 125–132].

Зерттеудің нысаны:

Жерлес ақын – Аманжол Шәмкеновтың шығармаларының мәні мен мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде ашып көрсету.

Зерттеудің пәні: Өлеңдерінің негізгі идеясын, тілдік ерекшелігін, көркемдік дәрежесін, бейнелеу, суреттеу тәсілінің ішкі мәніне, сырына тереңірек үңіліп, ену арқылы жан-жақты талдау.

Мақсаты: Ақын шығармаларындағы лирикалық образдың жан дүниесін, тілдік суреттеу тәсілдерін, көркемдік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы дәлелдеу.

Міндеттері: Аманжол Шәмкенов шығармаларының идеясын, көркемдеу тәсілін, суреттеу әдісін зерттеу. Шәмкенов шеберлігіне нақты көз жеткізу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Ақынның студенттік шағы «Студент сыры» деген өлеңінде ашылған. Оқу туралы, кітаптың пайдасы туралы айтылады. Кітап ақынның досы. Кітаптан ақын өзінің жоғын іздейді. Анасына жас жігіт датын айтады: – «Аяма мені, Анажан – Оқудан шаршап келді! – деп. Ақынның оқуға деген құштарлығын осы сөзінен-ақ сеземіз. Кітап Аманжол ақынның негізгі – ақылшысы. Кітап ақын үшін жаны бар адам, көпті көрген көне ақсақал, ескінің көзі. Аманжол Шәмкеновтің «Академик қарай қалды», «Университет» – деген өлеңдері де «кітаптан» алыстап кетпеген, оқу, білім нұрына арналған. Демек, ақынның айтайын деген ойы, алдыңғы өлеңді идея жағынан байытып, мазмұнын кеңейте түседі. Академиктің шәкіртіне сүйсінуі, тәтті болуы талай ғалымға үлгі өнеге. «Ақ шашты академик, шәкіртіне қарай қалды» дегенде академик жай қараған жоқ. Академик шәкіртіне «қарай қалды». Күнде өзі көріп жүрген шәкірті, кенеттен кесек сөзімен, мағыналы ойымен таңғалдырды. Енді мінекей, ойы өскен, жазғаны өте сапалы шәкірті алдында тұр. Академик шәкіртінің сөзіне мақтанып, сүйсініп, мейірлене әкелік қамқорлықпен қарады. Ақын «университетті» жай ғана оқу орыны деп қарамаған. Университет ол – ғажап, нұрлы дүние, университет ол – көне ғасыр, көне заман. Архивтегі шаң басқан, сарғайып кеткен сирек қолжазбаларды ақын өзі қопарды. Өлеңнің лейтмотиві «университет» ғасырдың үні, көне бабалардың сырын айтады, жеткізеді. «Шамы неге сөнбейді» – деген өлеңінен де алдыңғы өлеңдегідей жастық шықтың жылы лебі соғады. «Қазақстан» – деген өлеңінде ақын – қазақ елінің не бір көрген қиыншылықтарын айтқым

келмейді дейді. Өйткені, ақынға аштықты, төңкерісті, кәмпеске, отыз жетінші жылдың зұлматы соғыс т.б. еске алу, жазу өте қиынға тиеді. Ақын қазақ елінің жетістігін, тамаша заманын жырлайын, болашаққа үлгі болсын деп: Жырлаймын мен заманның гүл бағын, Құм орнына зәулім қала тұрғанын. Жырлаймын мен бақыт күні көгінде, Күлімдеген Қазақстан қырларын-дейді. «Алматым» деген өлең шумағында: Алматының сәнін, келбетін суреттейді. Алыс сапарларда жүргенде Алматы өзінді аңсаймын, сағынамын дейді. Алатаудың аясына сыйып тұрған қарт Алматыны сағынады. Алатау ақын үшін жерден тік көтеріп алып, баурына басатын, маңдайынан сипап, еркелететін – зор тұлға, ақ шашты анасы. Ақын Алатаудың көрікті жерлерін, тамаша жасыл желегін суреттей келе, Алматыны бір сәтке де ұмытпайды. Алатау мен Алматы ақын үшін егіз ұғым. Тіпті ақын, ұлымның анасын, болашақ жарымды да сол Алматыда кездестірдім дейді. Туған жер ақынның шыққан негізі, тұғыры. Қыран бүркіт туған жердің тұғырынан сонау қияға қанат қаққан. Алысқа қанатын сермеп, ұшқан. Демек ақын жырлаған «туған жер» мына сізбен біздің жер. Бірақ, сол жерде туып, кіндік қаны тамған адам үшін өз жері өте ыстық. Тауы да ыстық, талы да ыстық, тамы да ыстық, жаны да ыстық келеді. Ертісті «шалқып жатыр», «сүйемін ойлы орманын» деп, тілі келгенше, өте әдемі суреттеген. «Ертіс» – деген өлеңінде Ертіс өзенін жырлай отырып, сол бір ауыз –Ертіске туған жерінің барлық байлығын, табиғатын сыйдыра салады. «Ертіс» өлеңінен ақынның балалықшағын, әке-шешесі, туған-туыстарын, достарын, бабаларының ізін көргендей боласың. Ақын Ертісін жай ғана жырламайды «күміс көбігін құшақтап тұрып» жырлайды. Кәрі Ертістің тоқтап қалмай мұхитқа құятынын мақтанышпен күллі әлемге тағы бір паш етеді. Ертістің көз сүріндірер табиғатын, сұлулығын әлі ешкім жырлап тауыса алмағанын тіліне тиек етеді. Ендігі кезек келер ұрпақта, «жыр етер, талай әлі, сені балаң» – дейді. Болашаққа сенеді. Жастарға сенім артады. Елін, жерін, суын, талын, бұлағын т.б. – жастарға аманат қылып тапсырады [4].

Қорытынды

Аманжол Шәмкеновтың «Сырларым менің» жинағын оқығандағы ойымыз осындай. Ақынның қай жырының болмасын сыры терең, мазмұны бай. Өлеңдері тұнып тұрған көне сөздермен теңеулер, көркемдігінде шек жоқ. Ақынның «Аналар туралы балладасы», «Әкелер туралы ой», «Ұстазым» өлеңдері бірі – аналардың, бірі – әкелердің, бірі – ұстаздардың гимні деп теңеуге де болар еді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Советтік Қазақстан жазушылары. – Алматы : «Жазушы» 1987. – 682–684 б.

- 2 Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Павлодар, 2003. – 625–626 б.
- 3 Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық. – Алматы, 1977. – 125-132 б.
- 4 **Шамкенов, А.** Сырларым менің. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1970. – 360 б.
- 5 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : «Мектеп» баспасы, 1976. – 372 б.
- 6 **Мәшһүр-Жүсіп, Қуандық.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар университетінің баспасы, 1999. – 382 б.
- 7 **Мәшһүр-Жүсіп, Қуандық.** Өлең сөздің патшасы. – Алматы : «Жазушы» 1991. – 212 б.
- 8 **Мәшһүр-Жүсіп, Қуандық.** Көркем сөздің құдіреті. – Павлодар, 2000. – 286 б.
- 9 **Базарбаев, М.** Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1973. – 253 б.
- 10 **Негимов, С.** Өлең өрімі. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1980. – 135 б.

References

- 1 Sovetтік Qazaqstan jazusuylary. [Writers of Soviet Kazakhstan.] [Text] – Almaty : «Jazuşı» 1987. – P. 682–684.
- 2 Pavlodarskoe Priirtyşe. Ensiklopedia. [Pavlodar Priirtyshye. Encyclopedia]. [Text] –Pavlodar, 2003. – P. 625–626.
- 3 Qazaq sovet poeziasynyñ antologiasy. Eki tomdyq. [Anthology of Kazakh Soviet poetry. Two volumes]. [Text] – Almaty, 1977. – P. 125–132.
- 4 **Şamkenov, A.** Syrlarym meniñ. Tañdamaly öleñder men poemalar. «Jazuşı» baspasy [My cheeses. Selected poems and verses. Zhazushy Publishing House] [Text]. – Almaty, 1970. – 360 p.
- 5 **Qabdolov, Z.** Söz öneri. [Word art]. [Text]. – Almaty : «Mektep» baspasy, 1976. – 372 p.
- 6 Quandyq Mäshür-Jüsüp. Qazaq lirikasyndaғы stil jäne beinelilik. [Style and imagery in Kazakh lyrics] [Text] – Pavlodar universitetiniñ baspasy, 1999. –382 p.
- 7 **Mäshür-Jüsüp, Quandyq.** Öleñ sözdiniñ patşasy. [The king of poetry]. [Text] – Almaty : «Jazuşı» 1991. – 212 p.
- 8 **Mäshür-Jüsüp, Quandyq.** Körkem sözdiniñ qudireti. [The power of the literary word]. [Text] – Pavlodar, 2000. – 286 pb.
- 9 **Bazarbaev, M.** Öleñ – sözdiniñ patşasy, söz sarasy. [Poetry is the king of words, the master of words.] [Text]. – Almaty : «Jazuşı» baspasy 1973. – 253 p.
- 10 **Negimov, S.** Öleñ örimi. «Ğylym» baspasy, [Poem weaving. Publishing house «Science»] [Text] – Almaty, 1980. – 135 p.

*А. К. Трушев, А. А. Трушев

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТИХОВ ПОЭТА – АМАНЖОЛА ШАМКЕНОВА

Аманжол Шамкенов поэт, драматург, переводчик. Лауреат премии Дж. Неру. Печататься начал в 1943. Шамкенов создал пьесы «История одной любви», «Заплутавшийся гусь», «Найду тебя», «Ты не одинок», сценическая сюжетно-композиционная основа в которых пронизана народный юмором и лирико-бытовыми подробностями. Шамкенов перевел на казахский язык стихи А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова, Г. Гейне, С. А. Есенина, пьесы «Эфенди» Н. Хикмета, «Большевики» М. Шатрова, роман «Жора» Г. Тушкана и т.д. Художественные особенности и язык стихов А. Шамкенова подтверждались конкретными примерами. Аманжол Шамкенов родился в Прииртышье и всю свою сознательную жизнь посвятил воспеваю своей родной страны и земли. Так, в сборник стихов «Мои тайны» вошли избранные стихи и поэмы: «Тайна студента», «Железное джайляу», «Лирические стихи», «Часы», «Степное знакомство», «Избранное», «Рассвет над джайляу», «День на джайляу», «Целинная тетрадь», «Дитя Иртыша», и др. Каждый труд поэта имеет глубокую тайну и богатое содержание. Стихи полны древних слов, и их искусству нет предела. Несомненно, стихи поэта послужат образцом для многих юных абитуриентов. Мы уверены, что многие поколения вырастут и получат образование на стихах поэта. Стихи поэта «Баллада о матери», «Мысли об отцах», «Учитель» можно назвать гимном матерей, гимном отцов и гимном учителей.

Ключевые слова: поэзия, идея, абстрактный, документальный, альбом, студент, архив, свеча, поэт и др.

*A. K. Trushev, A. A. Trushev
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar
Material received on 08.09.21.

ARTISTIC FEATURES OF THE POEMS OF THE POET – AMANZHOL SHAMKENOV

Amanzhol Shamkenov is a poet, playwright, translator, winner of the J. Nehru award. He first published in 1943. He wrote the plays «A story of one love», «Lost goose», «I'll find you», «You're not alone». The stage plots and compositions of these works are filled with humorous scenes and lyrical and everyday details. Shamkenov also translated poems by A. S. Pushkin, M. Y. Lermontov, G. Heine, S. A. Yesenin, the plays «Efendi» by N. Hikmet, «The bolsheviks» by M. Shatrov, the novel «Zhora» by G. Tushkan and many others into Kazakh. The artistic features and language of A. Shamkenov's poems were confirmed by concrete examples. Amanzhol Shamkenov was born in the Irtysh region and devoted his entire adult life to the chanting of his native country and land. So, the collection of poems «My secrets» includes selected poems: «The secret of the student», «Green dzhailau», «Lyrical verses», «Hours», «Steppe acquaintance», «Favorites», «Dawn over a dzhailau», «Day on dzhailau», «Virgin land's notebook», «Child of the Irtysh», etc. Each work of the poet has a deep mystery and rich content. The poems are full of ancient words, and there is no limit to their art. Undoubtedly, the poet's poems will serve as a model for many young applicants. We are sure that many generations will grow up and receive education on the poet's poems. The poet's poems «the Ballad of the mother», «Thoughts about fathers», «Teacher» can be called the hymn of mothers, the hymn of fathers and the hymn of teachers.

Keywords: poetry, idea, abstract, documentary, album, student, archive, candle, poet, etc.

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,21 Mb RAM
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.
Электронное издание
1,21 Mb RAM
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz